

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Красногор ауылында жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 18 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда № 6390 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2021 жылғы 5 ақпандағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 05.02.2021 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 139-бабының 9-тармағына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Красногор ауылында жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандарға бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер **белгіленсін.**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2016 жылғы 16 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданады.

II сессияның төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Демисенов

Г. Жарылқасымова

"Лисаков қаласы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Н.Турлубекова